*Ф-ОБ-001/065*

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**
**«Педагогика және психология» кафедрасы**
**«Педагогика және психология» даярлау бағыты бойынша Академиялық комитет мәжілісінің**

**№8 ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы** **25. 05. 2023ж.**

**Қатысқандар: АК торағасы:** п.ғ.к., доцент м.а. С. Алимбекова, АК мүшелері п.ғ.к., доцент м.а. А.Қ.Рысбекова, П.Қ.Искакова, п.ғ.к., доцент Ж.Н.Садуова, PhD аға оқытушы А.Б.Тасова, аға оқытушылар С.У.Паштанов, Ж.Қ.Дүйсенова, магистр оқытушы Д.С.Жарқынбекова. АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі М.Әбенова атындағы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры: Т.М.Меңдібаева, АК мүшесі, білімгерлер өкілі: 8D011- Педагогика және психология БББ доктаранты А.Лауланбеков, 7М011-Педагогика және психология БББ магистранты С.Қасымбай, 6В011-Педагогика және психология БББ студенті Ғ.Бегалиева.

Қатыспағандар: -

**Күн тәртібі:**

ӘР ББ өзіндік бағалау жүргізу:

- соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері;
- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері;
- жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері;
- сауалнамалар (білімгерлердің, жұмысберушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері;
- білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері;
- түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері;

**Тыңдалды:**

**АК торағасы С.Алимбекова:** Саламатсыздар ма, құрметті педагогика және психология даярлау бағыты бойынша академиялық комитет мәжілісінің мүшелері, ақпан айындағы мәжілістің күн тәртібіндегі қарастырылатын мәселелерге келетін болсақ: ӘР ББ өзіндік бағалау жүргізу. Бойынша бірінші мәселе соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері; екінші мәселе Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері; үшінші мәселе жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері; төртінші мәселе сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері; бесінші мәселе білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері; алтыншы мәселе түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері. Бүгінгі мәжілісте осы аталған үш мәселе бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырып, өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

**Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша соз кезегін АК мүшесі, кафедра меңгерушісі п.ғ.к., доцент м.а. А.Қ.Рысбекова алды:** Бірінші мәселе бойынша тоқталсам, Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері 2018-41/48, 2019-41/41, 2020-33/43, 2021-13/32 пайыздық көрсеткіштерді көрсеткен.

**АК мүшесі – Ә.Тасова: Екінші** мәселе бойынша Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар жүргізілуде. Ол туралы мәлімет төменде кестеде берілген.

| Қазақстандық ЖОО | Серіктестік жұмыс нәтижесі | Мерзімі |
|---|---|---|
| Мардан Сапарбаев институті | Өзара ынтымақтастық туралы меморандум | №19/3928 |
| ОҚМПУ Шымкент | Өзара ынтымақтастық туралы меморандум | №19/3927 |
| Қазақ-орыс Халықаралық Университеті | Өзара ынтымақтастық туралы меморандум | №17/2067 |
| Аль-Фараби атындағы ҚҰУ | Өзара ынтымақтастық туралы меморандум | №13/653 |
| Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университеті | Өзара ынтымақтастық туралы меморандум | №18/204 |
| Қазақ-орыс Халықаралық Университеті | Өзара ынтымақтастық туралы меморандум | №17/2067 |
| А.Мицкевич атындағы университет. Польша | Өзара ынтымақтастық туралы меморандум | №12/838 |
| Ферғана Мемлекеттік университеті | Өзара ынтымақтастық туралы меморандум | №19/933 |
| Ош Мемлекеттік Университтеті | Өзара ынтымақтастық туралы меморандум | №19/855 |
| Қырғызстан И.Арабаев атындағы университтет | Өзара ынтымақтастық туралы меморандум | №15/2020 |

**АК мүшесі – Ж.Садуова:** Үшінші мәселе бойынша - жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс жұмыстары жүргізілу мәселесі бойынша Педагогика және психология кафедрасында кәсіби бағдар бойынша төмендегі мекемелермен келісім шарттары түзіліп, жұмыс берушілер ішкі сарапшылары бекітілген. Олар:

1.Мендибаева Тамара Бектемірқызы - М.Әбенова атындағы жалпы орта мектеп директоры

2. Кенжалиев Алтынбек Тұрлыбиұлы- Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжінің директоры

3. Азретбергенова Жаңыл Жарылқасынқызы -"*№23 жалпы орта* мектеп" директоры

**Сыртқы сарапшы:**

**1.** Омаров Бахытжан Султанович- Халықаралық туризм және меймандостық университеті, «Спорт» кафедрасының кафедра меңгерушісі, PhD, доцент

**2.** Касимов Балкан Маратович- Түркістан қаласы Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі директоры

Мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері университет тарапынан жасалуда.

**АК мүшесі,** кафедра меңгерушісі А.Қ.Рысбекова сөз алды: Төртінші мәселе бойынша - сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелерін талдау мәселесі бойынша біздің университетте жылда білім алушылармен сауалнама өткізіп тұрады. 2022-2023 оқу жылының ақпан айында білімгерлердің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында университет деңгейінде сауалнамалар ұйымдастырылған болатын. Ол сауалнамада студенттерге оқытушының аудиториямен қарым-қатынас жасау қабілеті, интербелсенді әдістерді сабақ өту барысында қолдануы, оқытушының бағалау критериі, оқытушының студенттерді әділ бағалауы, оқытушының жарғыдан тыс орын алған жағдайларына байланысты сұрақтар берілген. Ендігі кезекте осы сауалнама нәтижесі бойынша әр ОПҚ – на жеке-жеке талдау жасадық. (1 Қосымша).

Сауалнаманы талдай келе Педагогика және психология кафедрасы оқытушы-профессор құрамы бойынша сауалнама қорытындысы:

1. 3 - нұсқадағы сұрақтар бойынша оқытушының аудиториямен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқытушының бағалау критериі, оқытушының студенттерді әділ бағалауы, сабақтың сапасы, сабақтарда оқытудың интерактивті, инновациялық әдістерін қолдану бойынша жалпы 91,44% пайыз көрсеткішті көрсеткен. Әрине бұл пайыздық көрсеткіш білімгерлердің сабақтың сапасына қанағаттану деңгейінің жоғары екенін көрсетеді.

2. Сұрақтардың 2 нұсқасындағы «Кейде» деген жауаптар бойынша 6,6 пайыз көрсеткіш көрсеткен.

3. Ал 1 нұсқадағы жарғыдан тыс қарым-қатынас жағдайлары (бопсалау, сыйлықтар, т. б. сұрақтар бойынша 1,96 пайыз көрсеткіш көрсеткен.

Кафедрадағы оқытушы - профессорлар құрамының сауалнама барысында студенттердің оқытушының оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруды қанағаттану деңгейі 91,44% пайыз көрсеткішті көрсеткені өте жоғары бағалау. Ал жарғыдан тыс қарым-қатынас жағдайлары (бопсалау, сыйлықтар, т. б. сұрақтар бойынша 1,96 пайыз көрсеткіш, бұл студенттер арасында шетелдік студенттердің тілді түсінбеуі, немесе т.б. осындай жағдайларға байланысты болуы мүмкін. Мысалы, сауалнамаға 180 студент қатысқан соның ішінде 1 студент қана «Ия» деп жауап берген. Бұл нақты, дәлелді көрсеткіш деп айта алмаймыз.

**АК мүшесі – Ж.Қ.Дүйсенова:** Төртінші мәселе - білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері бойынша 6В01101- Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша 1-курс ППП-211 тобында 8 студент, 2-курс ППП-111 тобында 10 студент , 3-курс ППП-011 тобында 6 студент, 3-курс ППП-011ғ тобында 5 студент, 4-курс ППП-911 тобында 24 студент, 4-курс ППП-911ғ тобында 4 студент білім алуда.

**АК мүшесі – П.Искакова:** Бесінші мәселе түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері бойынша 2022 жылы Педагогика және психология мамандығы бойынша 15 студент бітіріп шықты. Оның ішінде 1 студент мүмкіндігі шектеулі. Жалпы түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері 90% құрайды.

**АК төрағасы С.Алимбекова:** **Құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.**

**Шешім:** Күн тәртібіндегі қарастырылған мәселелер шешімін тапты: ӘР ББ өзіндік бағалау жүргізу бойынша соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері зерттелді; Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері талданды; жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелеріне сараптама жасалды; сауалнамалар (білімгерлердің, жұмысберушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері анықталды; - білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері қарастырылды; түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелеріне талдау жасалды. 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспары бойынша мамыр айындағы академиялық комитеттің күн тәртібіндегі қарастырылған мәселелердің нәтижесі қанағаттандырылсын.

**АК төрайымы:** **С.Алимбекова**

**Хатшысы:** **С.Паштанов**